



Бекітемін:
№7 «Балдырған» санаториялық
бөбекжай- балабақшасы, КММ
менгерушісі: *Э.Ж. Нұрмағанбетова*
Э.Ж. Нұрмағанбетова

**«Табиғатым-тынысым!»
(Серуен кезіндегі іс-әрекет)
«Балдәурен» ересек тобы**

Тәрбиеші: Үмертаева М

2024ж Қыркүйек

Тақырыбы: «Табиғатым-тынысым» (Серуен кезіндегі іс-әрекет)

Мақсат-міндеті:

Балалардың күз мезгілі туралы түсініктері мен білімдерін кеңейту.
Ой-өрістерін, жан-жақты білімдерін, танымдық қабілеттерін,
талғамын дамыту. Еңбекке баулу, табиғатты сүйуге, қорғауға,
адамгершілікке тәрбиелеу. Қоршаған ортада, табиғатта қауіпсіздікті сақтау.

Барысы:

-Балалар, айналамызға қарап табиғат анамызға жылы сөздер айтайықшы

Табиғат біздің анамыз

Табиғатқа баламыз

Иіліп сәлем береміз

Біз әдепті баламыз

-Жарайсыңдар, енді мен сендерге бір жұмбақ жасырайын

Жиып-теріп болатын

Қамбаға астық толатын,

Қызыл қырман ойнайтын

Қай мезгіл деп ойлайсың?

Балалар: Күз мезгілі

-Дұрыс айтасыңдар, күз мезгілінде табиғат қандай болады?

-Күн суытады, айнала сары түске енеді, жемістер піседі,
жапырақтар жерге түседі.

-Дұрыс айтасыңдар, енді балалар мына ағашқа назар аударайықшы?

-Ағаш табиғаттың көркі, ағаш несімен көрікті?

-Әрине жапырағымен көрікті екен!

-Енді қарайықшы, жапырақтар қандай күйде екен?

Балалар:

- Жапырақтар жерге түсіп жатыр, жапырақтар сарғайып кеткен!

-Неліктен жапырақтар сарғайып кеткен деп ойлайсыңдар?

- Өйткені күз мезгілі болғандықтан, ауа райы салқын, яғни жапыраққа не
жетіспейді?

-Жылу жетіспейді, сондықтан жапырақтар жерге қурап түсіп қалады екен.

-Ал біздер түскен жапырақтарды жинап, айналамызды таза ұстап
жүруіміз керек екен

-Күзде жапырақтар алуан түсті болады екен, ол біздің табиғатымызға әдемі көрік
береді.

-Неліктен біз күз мезгілін алтын күз дейміз, өйткені жер беті сары түске бөленіп
сары алтындай болады

Кәне балалар күз туралы білетін тақпақтарымызды айтайық

Әлихан:

Берекесін сыйлауға,
Өлкемізге күз келді
Жемістерін жинауға
Шақырады біздерді.

Рамазан:

Сары-сары-сары
Айналаның бәрі
Сары-сары-сары
Алтын күздің бағы

Алтынай:

Алтын, сары, қызыл, көк,
Алуан-алуан жапырақ.
Күзгі бакта күлімдеп,
Көз тартады атырап.

Сырғалым:

Келді міне күз,
Айнала сары түс.
Керемет, тамаша,
Қандай әсем күз

-Жарайсыңдар, әр мезгілдің әдемі бір көрінісі болады, енді бәріміз ойын ойнап жіберейік

Ақсүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)

Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру; зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу.

Ойын шарты:

Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, оны алысқа лақтырады.

Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек.

"Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші балаларға: "Ал, балалар, ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?"- деп айтады Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге оны тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі.

Ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз атанады.
Жабдығы: ақсүйек (ойыншық).

Еңбек: «Ойын алаңындағы жапырақтарды жинау»

Мақсат-міндеттері:

Еңбек етуге ниеттерін ояту, жұмысты таза және тиянақты орындау.

(еңбек дағдылары)

- Жарайсыңдар балалар, бәрің ортаға жинала қойыңдар.
- Енді балалар, ауламызды таза ұстауымыз үшін жерде жатқан жапырақтарды жинап алайық. Ұлдар шелек ұстап тұрады, қыздар шелекке жапырақтарды жинап салады. Ал қалғандарымыз тырмамен жерді жапырақтардан тазартып алайық.
- Балалар, табиғат туралы қандай тыйым сөздер білеміз?
- Ағашты кеспе
- Ағаш бұтағын сындырма
- Ағаш жапырағын жұлма
- Дұрыс айтасыңдар балалар, біз әрдайым табиғатымызды қорғап, айналамызды таза ұстап жүріміз керек екен.
- Сонымен балалар, бүгін біз нені бақыладық?
- Күз мезгілін, ағаш жапырағын бақыладық.
- Күзде жапырақтар қандай түсті болады екен?
- Сары түсті болады.

Жарайсыңдар, бүгін барлықтарың серуендегі іс-әрекетке жақсы қатыса білдіңдер.

Барлықтарыңды өз ауламызда еркін ойын ойнауға шақырамын.

Еркін ойын

"Шеңберді дәлде".

Мақсат-міндеттері. Нысанаға дәлдеп тигізуді жаттықтыру

Еңбек етуге ниеттерін ояту, жұмысты таза және тиянақты орындау.

(еңбек дағдылары)

“Маданият-мынсым”



“Балдарпен” ересек тобы